



«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Басқармасының
15.02.2019 жылғы (№ 15 хаттама) шешіміне
№ 2 қосымша

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ-та
занды тұлғалардың (олардың филиалдарының және өкілдіктерінің),
жеке кәсіпкерлердің, жекеменшік нотариустардың, жеке сот
орындаушылардың және адвокаттардың
БАНКТІК АҒЫМДАҒЫ ШОТ ШАРТЫНЫҢ СТАНДАРТТЫ ТАЛАПТАРЫ**
*(22.01.2020 ж. жағдай бойынша өзгерістермен, Басқарманың № 5 шешіміне сәйкес
өзгерістер мен толықтырулар 01.02.2020 ж. бастап қолданысқа енгізілді)*

Алматы қ., 2019 жыл

1-тарау. Терминдер мен анықтамалар

1. «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ заңды тұлғаның (оның филиалдары мен өкілдіктерінің) банктік ағымдағы шот шартының осы Стандартты талаптарында (бұдан әрі-Стандартты талаптар) төмендегі терминдер, анықтамалар және шартты қысқартулар пайдаланылады:

1) **Банк** – «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ;

2) **Шарт** – ажырамас бөлігі ретінде Стандартты талаптарды, Тарифтерді, Өтініштерді, сондай-ақ, оларда ескертілген қосымшаларды, шарт формаларын/үлгілерін, келісімдерді және басқа да құжаттарды қамтитын Банк пен Клиент арасында жасалған заңды тұлғаның (оның филиалдарының және өкілдіктерінің), жеке кәсіпкерлердің, жекеменшік нотариустардың, жеке сот орындаушылардың және адвокаттардың және кәсіби медиаторлардың банктік ағымдағы шот шарты;

2) *тармақшасы 17.01.2020 жылғы № 5 БШ-мен өзгертілген*

3) **Қосылу туралы өтініш (Өтініш)** – Клиенттің тиісті Стандартты талаптарға қосылу ниетін мазмұндайтын және Шарттың елеулі талаптарын мазмұндайтын Банкпен шарт жасау ниетін мазмұндайтын Банкке бағытталған, Банкпен бекітілген нысандағы Клиенттің ұсынысы (офертасы);

Клиент қол қойған Өтініш Қазақстан Республикасының заңнамасында және банктің ішкі құжаттарында, осы Кешенді талаптарда, Стандартты талаптарда көзделген тәртіпте және тәсілдермен жүзеге асырылады

4) **Клиент** – банктік қызметтерді қолданушы болып табылатын немесе банктік қызметтерді қолдануға ниетті заңды тұлға (оның филиалы және өкілі), жеке кәсіпкер, жекеменшік нотариус, жеке сот орындаушы, адвокат, кәсіби медиатор;

4) *тармақшасы 17.01.2020 жылғы № 5 БШ-мен өзгертілген*

5) **Банк комиссиясы** – Тариф бойынша банк қызметтерін көрсеткені үшін Клиент Банкке төлейтін ақша сомасы;

6) **Бақылау шоты** – салық бойынша есептердің қозғалысын қосылған құнға тіркеуге бағытталған банктік ағымдағы шот;

7) **Шот** – Ағымдағы шот және/немесе Бақылау шоты;

8) **Тариф** – Банк Комиссияларының көлемін және Банк қызметтерін көрсету талаптарын анықтайтын Банктің ішкі құжаттарының, сондай-ақ, Тарифтік бағдарламалардың жиынтығы;

9) **Ағымдағы шот** – банктік ағымдағы шот, оның аясында ақшаны клиенттің тарапына қабылдау (есептеу), Клиентке немесе үшінші тұлғаларға тиісті ақша сомасын аудару (беру) және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта қарастырылған өзге де операциялар туралы өкімдерді клиенттің атқаруы жүзеге асырылады.

10) **Банк Филиалы** – Банктің орналасқан орнынан алшақ, заңды тұлға болып табылмайтын, Банк атынан Операция жасайтын және оған Банк берген өкілеттілік шеңберінде әрекет ететін Банктің оқшау бөлімшесі.

2-тарау. Жалпы талаптар

2. Осы Стандартты талаптар Банктің Клиентке шот (шоттар) ашу, жүргізу және жабу операцияларын жүзеге асыруы талаптары мен тәртібін анықтайды, сондай-ақ Банк пен Клиенттің құқықтарын, міндеттерін, жауапкершіліктерін (төменде көрсетілгендей) орнатады, сондай-ақ Банк пен Клиент арасындағы құқықтық қатынастардың басқа да ерекшеліктері мәтін бойынша әрі қарай Стандартты талаптар бірлесіп «Тараптар», ал жеке «Тарап» деп аталады. Банк "эскроу-шот" режимінде Банк, Клиент пен үшінші тұлға (клиент) арасында жасалатын үш жақты шарттың негізінде ағымдағы шоттарды ашу



бойынша қызметтерді ұсына алады, оның атына "эскроу"режимінде ағымдағы шот ашылады. "Эскроу-шот" режимінде ағымдағы шоттар бойынша операцияларды жүргізу тәртібі, жүзеге асыру мерзімдері, "эскроу-шот" режимінде ағымдағы шоттар бойынша Банктің қызметтерді жүзеге асыруының өзге де шарттары, сондай-ақ Тараптар арасындағы қатынастарды реттеу клиенттер мен банк арасындағы жеке үш жақты шарттың мәні болып табылады.

2 тармақ 17.01.2020 жылғы №05 БШ-мен өзгертілген

3. Банк Клиентті Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сай жүзеге асырылатын банктік қызмет көрсетуге қабылдайды.

4. Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалған қосу шарты болып табылады, оның талаптарын жалпы алғанда Банк қарастырылған нысанға сәйкес, Клиенттің уәкілетті өкілі (тұлға) қол қойған Өтініш негізінде осы Шартқа қосылу арқылы Клиент қабылдауы мүмкін. Банк және Клиент туралы мәліметтер өтініште көрсетіледі.

5. Шарт жасау үшін Клиент Банкке қол қойылған өтінішті, Қазақстан Республикасының заңнамасына және банктің ішкі құжаттарына сәйкес және тәртіпте Клиентті сәйкестендіру үшін қажетті құжаттарды және береді.

6. Клиенттің (оның өкілінің) Өтінішке қол қоюы мына жайттарға куә болады:

1) Клиент Шарттың талаптарын толық көлемде оқыған, түсінген және қандай да бір ескертусіз және қарсылықсыз қабылдаған;

2) Шартта саналы түрде, түсінікті мүддесіне қарай қабылдамайтын Клиент үшін қандай да бір ауыртпашылық түсіретін талаптар жоқ;

3) Егер Банкте Клиент (оның өкілі) қол қойған қосылу туралы өтініші болса, Клиенттің Шартты оқымағанының/түсінбегенінің/қабылдамағанының куәсі ретінде Шартта қолының болмауына сілтеме жасауға құқығы жоқ;

4) Клиент ағымдағы банктік шотты ашу, жүргізу және жабу бойынша барлық талаптармен келіседі;

5) Шарттың барлық ережелері Клиенттің мүддесі мен ерік білдіруіне толық көлемде сәйкес келеді;

6) Клиент Шарт жасауға және ағымдағы банктік шотты ашуға қажетті барлық рәсімдерді сақтаған;

7) Шарт жасау және оның талаптарын орындау, соның ішінде Шарт бойынша кез келген ағымдағы банктік шотты ашу Клиенттің құрылтайшылық және басқа да құжаттарын және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамаларының кез келген ережесін және/немесе Клиентке қолданылатын заңнаманы бұзбайды және бұзуға әкеліп соқпайды.

7. Шарт Өтініште көрсетілген Клиенттің офертасын Банктің акцепттеуі арқылы жасалады. Клиент атына Банк Шот ашып және Клиентке жазбаша/ауызша түрде бұл туралы хабарлауы акцепт болып табылады.

8. Клиенттерді Стандартты талаптармен және Тарифтермен таныстыру мақсатында, Банк Стандартты талаптарды және Тарифтерді Банктің Интернет-ресурсында («www.hcsbk.kz») жариялайды және банктің барлық Филиалдарына орналастырады

9. Банк Клиенттерді басқа құжаттар, оқиға туралы келесі тәсілдермен Банктен шығатын ақпараттарды алуға және бекітуге мүмкіндік беретін: пошталық жіберілімдер арқылы, қашықтықтан банк қызметін көрсету жүйесі арқылы, мобильді қосымшалар, электронды пошта арқылы Клиенттерді ақпараттандыруға құқылы. Клиент Шартты жасай отырып, Стандартты талаптардың осы тармағында сипатталған тәсілдермен ақпарат алуға келісімін береді. Сонымен бірге, Банк Клиентке берген ақпаратқа байланысты үшінші тұлғаларға қолжетімді болуы мүмкін барлық тәуекелдерге жауапты.

10. Шотты ашу және іске қосу ұлттық валюта теңгеде және (немесе) шетел валютасында жүзеге асырылады.

10 тармақ 29.11.2019 жылғы №115 БШ-мен өзгертілген



11. Бақылау шотын ашу және жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасына, соның ішінде салық заңнамасына сәйкес қосылған құн салығы бойынша есептер қозғалысын есепке алу үшін, соның ішінде төмендегілер үшін жүзеге асырылады:

- импортқа және резиденттік емес үшін қосылған құнға салықты қоса алғанда, қосылған құнға арналған салықты бюджетке төлеу;
- тауарларды жеткізушілерге қосылған құн салығын төлеу;
- тауарларды сатып алушылардың (алушылардың) қосылған құн салығын төлеуі;
- Қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын Клиенттің басқа банктік шотынан ақшаны алу.

12. Егер басқа жағдайлар Шартта басқаша қарастырылмаса, Клиент қол қойған өтінішті тапсыру арқылы, Клиент Стандартты талаптар аясында бір немесе бірнеше Шот ашуға құқылы. Сонымен қатар, Шарт талаптары Клиент ашқан әрбір Шотқа таралады.

Қосылған құн салығы бойынша есептер қозғалысын есепке алу үшін Клиент тек бірғана Бақылау шотын ашуға құқылы.

3-тарау. Клиенттің құқықтары мен міндеттері

13. Клиент:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген тәртіпте Шоттағы ақшаға өз бетінше иелік етуге;

2) Шартта белгіленген талаптарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес үшінші тұлғаларға Шотқа және/немесе ондағы ақшаға иелік етуге сенім білдіруге;

3) Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында белгіленген қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың барлық формасын пайдалануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттары мен осы Шартта белгіленген тәртіпте және талаптарда қолма-қол ақшамен операция жүргізуге

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Бақылау шоты бойынша шектеулерді ескере отырып, операциялық күн ішінде Шоттағы қалған ақша шегінде Банкке Шот бойынша операция жүргізуге нұсқау беруге;

5) Банк Тарифтерімен танысуға;

6) Егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Шартта қарастырылмаған болса, кез келген уақытта Банкке Шотты жабу туралы өтініш беруге;

7) Клиенттің қолма-қол ақшаға мұқтаждығын анықтау үшін Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген мерзімде Шоттан қолма-қол ақша алған болжалды күнге дейін Банкке өтінім беруге **құқылы**.

14. Клиент:

1) Шот ашу үшін, сондай-ақ қажет болған жағдайда, шот бойынша операция жасау үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және осы Шартқа сәйкес Банк талап ететін, тиісінше рәсімделген құжаттарды тапсыруға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің талаптарымен қойылатын талаптарға сәйкес Шот бойынша операцияларды Банктің жасауы бойынша нұсқауды жазбаша рәсімдеуге, және Банк белгілеген операциялық күннің ішінде оларды қабылдауға;

3) Клиентке тиесілі емес ақша Шотқа қате есептелініп кетсе, Банкке дереу хабар беруге және Шотқа қате есептелген ақшаны Банкке 3 (үш) банктік күн ішінде қайтаруға;

4) осы Шарттың 14-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Банкке қайтармаған жағдайда, Шотқа қате есептелген ақшаны Банктен талап түскен күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде қайтаруға;

5) Үшінші тұлғалардың Шотқа қойған төлем талаптары негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей



ақша алуға келісім беруге; осы тармақтың әрекеті Клиент шотынан ақша алуға Клиенттің келісімі бар шарт негізінде қойылған төлем талаптарына таралмайды;

6) Сенімхат негізінде Шотқа иелік етуге уәкілетті тұлғалардың өкілеттілігі мерзімінен бұрын аяқталғанда немесе тұлғалар ауыстырылған күнне бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде, бұл туралы Банкті жазбаша түрде немесе Тараптар өзара келіскен басқа да байланыс құралымен хабарлауға және мұндай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын тапсыруға. Клиент хабарлау тәртібін орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда, Банк Клиентке келтірілуі мүмкін шығын үшін жауапкершіліктен босатылады;

7) Клиенттің құрылтайшылық құжаттарына өзгерістер/толықтырулар енгізілген кезде, Клиенттің орналасқан орны, мекенжайы, басқа да деректемелері, телефон нөмірлері, факстері өзгеруі, сондай-ақ осы Шарттың талаптарын орындау үшін маңызы бар басқа да өзгерістер кезінде, өзгерістер/толықтырулар енгізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкті бұл туралы жазбаша немесе Тараптар өзара келіскен басқа да байланыс құралымен хабарлауға немесе өзгертулерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын беруге;

8) өзінің бенефициарлы меншіктенушісі туралы ақпаратты қоса алғанда, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңының талаптарын Банктің орындауы үшін қажет ақпаратты Банкке беруге;

9) Банк Комиссияларын және өзге де төлемдерді Шартпен және Банк Тарифтерімен анықталған жағдайларда және тәртіпте төлеуге. Осы мақсаттарда кез-келген ауыртпалықтан бос қажетті қалдық ақшаны Шотта ұстау арқылы тиісті ақша сомасын Банктің Шоттарды тікелей дебеттеу арқылы Банк Комиссияларының төлеміне алып тастауы мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

10) Банк www.hcsbk.kz Банктің Интернет-ресурсында, сондай-ақ Банктің барлық филиалдарында және олардың қосымша үй жайларында Тарифтер туралы және Тарифтердің өзгергені туралы өз бетінше білуге;

11) Банк www.hcsbk.kz Банктің Интернет-ресурсында, сондай-ақ Банктің барлық филиалдарында және олардың қосымша үй жайларында Шарт талаптары туралы және Шарт талаптарының өзгергені және толықтырылған туралы өз бетінше білуге **міндетті**.

4-тарау. Банктің құқықтары мен міндеттері

15. Банк:

1) Шот ашу үшін Қазақстан Республикасы заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастыр

ылған кез келген құжаттарды, сондай-ақ Шот бойынша операция жүргізу кезінде және басқа да банктік қызметтерді ұсыну кезінде қажетті қосымша құжаттарды сұратуға;

2) Клиенттің алдын ала келісімінсіз Тарифтерге біржақты тәртіпте өзгертулер енгізуге, ол туралы Клиент осы Стандартты талаптарда көзделген тәртіпте хабарландырылады;

3) Осы Шартқа сәйкес тікелей дебеттеу арқылы Шоттан, сондай-ақ Банкте ашылған Клиенттің басқа да банктік шотынан мынадай жағдайларда ақша алуды (есептен шығаруды) жүзеге асыруға:

- Қолданыстағы Тарифке сәйкес банктік қызмет көрсету үшін комиссиялық сыйақы сомасын ұстауға;

- Растаушы құжаттар болғанда, төлем құжаттарының жалғандығы дерегін анықтауға;

- Клиент Шотына ақша есептеудің қателігі фактілерін анықтауға;



- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғалардың нұсқауы бойынша Шоттан ақша алуды (есептен шығаруға) жүзеге асыруға;
- 5) Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы мемлекеттік уәкілетті органның өкімі Банкке келіп түскен жағдайда Шотты бұғаттауға, Клиенттің ақшасына тыйым салу туралы мемлекеттік уәкілетті органның/уәкілетті тұлғаның шешімі түскен жағдайда Шоттағы ақшаның сәйкес сомасын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес бұғаттауға;
- 6) Клиенттің орындалмаған талаптары (кредиттер, кепілдіктер, овердрафттар және басқа.) және (немесе) банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтату құқығы бар Шотқа уәкілетті мемлекеттік органдардың өкімі, уәкілетті мемлекеттік органдардың және Клиенттік ақшасына тыйым салуға құқығы бар лауазымды тұлғаның шешімі (қаулысы) болғанда Ағфмдағы шотты жабудан бас тартуға, соның ішінде Клиент-заңды тұлғаны жоюға және қайта құрылымдауға байланысты Шотты жабу жағдайларынан басқа, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес Клиент беретін сыртқы экономикалық экспорттық-импорттық келісім-шарттар бойынша
- 7) Клиенттің орындалмаған талаптары (кредиттер, кепілдіктер, овердрафттар және басқа) және (немесе) Бақылау шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтату құқығы бар Шотқа уәкілетті мемлекеттік органдардың өкімі, уәкілетті мемлекеттік органдардың және Клиенттік ақшасына тыйым салуға құқығы бар лауазымды тұлғаның шешімі (қаулысы) болғанда Шотты жабудан бас тартуға, соның ішінде Клиент-заңды тұлғаны жоюға және қайта құрылымдауға байланысты Шотты жабу жағдайларынан басқа, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес Клиент беретін сыртқы экономикалық экспорттық-импорттық келісім-шарттар бойынша.
- 8) Банкте ашылған банктік шоты болғанда, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, мемлекеттік кіріс органдары оған инкассалық өкім және/немесе шығыс операцияларын тоқтату туралы өкім қоятын шотты Клиентке ашудан бас тартуға;
- 9) Хабар берілген күннен бастап 3 (үш) ай өткеннен кейін Стандартты талаптардың 16- тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Клиент Шот бойынша:
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариустің депозитіне ақша қалдығын аудара отырып, бір жақты тәртіппен Шартты бұзуға және Ағымдағы шотты жабу;
 - Бақылау шотында ақша қалдығы болмаған кезде, бір жақты тәртіпте Шартты бұзуға және Бақылау шотын жабу операцияларын жаңартпауға;
- 10) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасының салықтық және банктік заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайларда Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтатуға және операцияларды жүргізуден бас тартуға;
- 11) Егер Клиент ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мүмкін болмаған жағдайда немесе Клиент (оның өкілі) және бенефициарлы меншіктенуші туралы мәліметтерді жаңарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты Клиент ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ Клиентке қызмет көрсету барысында Клиент іскерлік қарым-қатынасты Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында қарастырылғандай қылмыстық жолмен немесе терроризмді қаржыландыру арқылы алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында пайдаланатынына күдік туындаған жағдайда Клиентпен іскерлік қарым- қатынасты тоқтатуға **құқылы**.

16. Банк:



- 1) Бір жылдан аса уақыт ішінде Клиенттің Шотында ақша қозғалысы болмаған және ақша қалдығы болған жағдайда, Клиентке Шоттағы ақша қозғалысы туралы және хабарланған күннен бастап 3 (үш) ай өткеннен кейін оны жабу туралы хабарлауға;
- 2) Банк қосымша сұраған барлық құжаттар мен басқа да құжаттарды Банкке Клиент тапсырған кезде Клиент қол қойған Шарттың өтініші негізінде жеке сәйкестендіру код(тар) беру арқылы, Клиентке шот ашуға;
- 3) Шот ашылғаннан кейін Клиентке жеке сәйкестендіруші кодты көрсете отырып, Шот ашу туралы анықтама тапсыруға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Шартта басқаша қарастырылмаса, Клиент берген өтінішке сай, Клиенттің шотын ашуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе осы Шартқа сәйкес Шот бойынша операцияларды жүзеге асыруға;
- 6) Клиенттің Шоты бойынша банктік құпияға кепілдік беруге. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Шартта қарастырылған жағдайлардан басқа, Клиенттің келісімінсіз Шоттың және ол бойынша операциялардың жағдайы туралы мәліметтерді бермеуге;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте орындауға жеткілікті Клиент шотында ақша сомасы түскенге дейін көрсетілген төлем құжаттарын орындауға қажетті Клиенттен ақша сомасы жетпеген немесе болмаған жағдайда, Клиентпен/Банкпен инкассалық өкімді, төлем талаптарын картотекаға қабылдауға және сақтауға;
- 8) Орындауға жеткілікті Шоттағы ақша сомасы болған жағдайда Клиенттің тиісінше рәсімделген нұсқаулары негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте және мерзімде үшінші тұлғалардың және/немесе Банктің комиссияларын алуды ескере отырып, Клиенттің нұсқауын орындауға;
- 9) Шоттың жағдайы туралы мәліметі бар ақпараттарды клиентке немесе ол өкілеттілік берген тұлғаға беруге;
- 10) Шешімдерді алып тастау туралы Шоттағы ақша тыйым салу/Шот бойынша операцияларды тоқтату туралы шешім шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органдарының лауазымды тұлғаларының немесе уәкілетті мемлекеттік органдарының тиісті жазбаша хабарламасы негізінде Клиент шоты бойынша операцияларды жаңартуға;
- 11) Операция өтетін күннен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей қағаз тасымалдағышта төлем құжаттарының даналарын қоса бере отырып, Шот бойынша үзінді беру арқылы, Шот бойынша өткізілген операциялар туралы ақпаратты Клиенттік талабы бойынша тапсыруға;
- 12) Операциялық күн ішінде үшінші тұлғалар қоятын төлем талаптарын және инкассалық өкімдерді қабылдауға. Алған күннен келесі операциялық күннен кешіктірмей төлемге және/немесе акцептіге көрсетілген құжаттарды көрсетуге. Сондай-ақ инициаторға (бенефициарға) акцептіден немесе төлемнен, төлем талабын немесе инкассалық өкімдерді жіберушіге қайтарудан бас тарту туралы хабарламаны беруге;
- 13) Төлем тапсырмасын акцептілеуден бас тартқан кезде төлем тапсырмасын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жіберушіге тиісті жазбаша немесе электронды хабарлама жіберуге **міндетті**.

5-тарау. Шоттағы ақшаға иелік ету тәртібі мен талаптары

17. Шот бойынша Клиентке банктік қызмет көрсету Клиенттермен жұмыс кестесін



бекітетін Банктің ішкі құжаттарына сәйкес уақыт кезеңінде (бұдан әрі – операциялық күн) жүзеге асады және Шот бойынша көрсетілген қызмет үшін Банк комиссиясын Банк Тарифтерге сәйкес ұстайды.

18. Бақылау шоты бойынша банктік қызметтердің көрсетілгені үшін комиссия ұстау Банкте ашылған Клиенттің басқа ағымдағы шоттарын тікелей дебеттеу арқылы жүзеге асырылады. Банк Клиенттің келісімінсіз өз бетінше операциялық күнін өзгертуге және Тарифтерге өзгертуге құқылы.

19. Қызмет көрсету кезеңінің өзгертілетіні туралы ақпарат Клиентке осындай өзгертулер бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей Банк Филиалдарында, сондай-ақ Банктің интернет-ресурсында (www.hcsbk.kz) хабарландыруды орналастыру арқылы жеткізіледі.

20. Шоттағы ақшаға иелік ету қағаз тасымалдағышта Клиенттің Банкке жазбаша нұсқау тапсыруы арқылы жүза асады. Нұсқаулар, Банктің қолданып жүргені болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысан бойынша орындалуы тиіс.

21. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мерзімде және тәртіпте нұсқауларды акцептейді

22. Клиенттік нұсқаулары, соның ішінде салық және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеу бойынша нұсқауы тек қана операциялық күн ішінде қабылданады. Операциялық күннен кейін Клиент берген нұсқауларды Банк келесі операциялық күннің басында алған болып есептеледі.

23. Клиенттің Банк акцептеген нұсқауын кері қайтаруы немесе нұсқауды орындауды тоқтатуы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіпте оны орындағанға дейін ғана жасалынатын болады.

24. Ақша қабылдау (және Шотқа ақша қосу), беру (Шоттан алу) кіретін қолма қол ақшамен операцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында бекітілген тәртіпте Банк жүзеге асырады.

25. Шотқа иелік етуде шектеулер болмаған кезде, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына орай, ақша беруге байланысты төленуі тиіс Банктің Комиссиясының сомасын ескере отырып, Шоттағы қолжетімді ақша қалдығының шеңберінде, қолма-қол ақша беру Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған төлем құжаттары негізінде жүзеге асады

26. Банк кез келген уақытта Клиент тарапынан қандай да бір қосымша келісімінсіз немесе Клиентті хабарлаусыз кез келген түрде Банкке тиесілі кез келген соманы, соның ішінде мұндай құқық қарастырылған Банкпен жасалған кез келген шарт негізінде, Банктің комиссиялық сыйақысы сомасын, сондай-ақ Шот бойынша түзетуші сымдарды Банктің жасауына қажет болған жағдайда (Шотқа қателесіп ақша қосылып кеткенде және т.б.), Шоттан алуға (банктік шотты тікелей дебеттеу) құқылы. Сонымен қатар Банкке қарыздың есебі ретінде Шоттан Банк алған барлық сома Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе тиісті шартта қарастырылған кезектілікпен мұндай қарызды өтеуге жұмсалады.

6-тарау. Стандартты талаптарға және Тарифтерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

27. Банк Стандартты талаптарға және Тарифтерге өзгертулермен толықтырулар енгізу, сондай-ақ, оларды жаңа редакцияда мазмұндау арқылы Қазақстан Республикасының заңнамадағы талаптарын, осы тарауда және Стандартты талаптарда бекітілген ерекшеліктерді ескере отырып, біржақты тәртіппен жүзеге асырылады.

28. Банк Стандартты талаптарға және Тарифтерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Клиентті осы Кешенді талаптарда, сондай-ақ, Стандартты талаптарда көрсетілген тәсілдермен осындай өзгертулер күшіне енгенге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабардар етеді



29. Стандартты талаптарға және Тарифтерге өзгертулермен және толықтырулармен келіспеген жағдайда Клиент Банктің Интернет-ресурсында («www.hcsbk.kz») Банк Стандартты талаптарға және Тарифтерге өзгертулерімен мен толықтыруларымен орналастырылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Банктік кешенді қызмет көрсету шартын, Жеке шарттарды бұзуды талап етуге құқылы. Егер көрсетілген мерзімде шартты бұзу талаптары түспесе, бұл жағдай Стандартты талаптардың және Тарифтердің өзгертулерімен және толықтыруларымен және оларға қосылуларымен келісетіндігін білдіреді.

30. Стандартты талаптарға және Тарифтерге кез-келген өзгертулер және толықтырулар, соның ішінде, Банк бекіткен жаңа редакциядағы Стандартты талаптар және Тарифтер күшіне енген күннен бастап Стандартты талаптарға және Тарифтерге қосылушы, соның ішінде, Стандартты талаптарға өзгертулер және толықтырулар күшіне енбей тұрып қосылған барлық тұлғаларға таралады.

7-тарау. Тараптардың жауапкершілігі және басқа талаптар

31. Шотқа ақша қаражаттарын аударудың құқыққа сай емес кешіктіргені және Клиенттің Шот бойынша операцияларды орындауды құқыққа сай емес кешіктіргені үшін, кешіктірілген әрбір күнге Банк Клиентке операция сомасынан 0,02 % мөлшерде өсімпұл төлейді, бірақ осындай операция сомасынан 5 % аспайды.

32. Банк қызметтерін төлемегені/уақытында төлемегені үшін, Банк Клиенттің Банкке төленбеген сомадан 0,02 % мөлшерде өсімпұл төлеуін талап етуге құқылы. Көрсетілген жағдайларда Банк өсімпұл сомаларын Шоттан тура дебеттеу жолымен шегереді

33. Клиенттің Шот(-тар) ашу үшін ұсынған құжаттардың шынайылығы мен түпнұсқалығы үшін Банк жауапкершілік алмайды.

34. Деректемелері қате көрсетілген Клиенттің төлем құжаттарын орындау үшін Банк жауапкершілік көтермейді.

35. Егер Шот(-тар)ды меңгеру құқығын жоғалтқан, көрсетілген тұлғалардың құзыреттіліктерінің тоқтауы, үлгілері бар Құжатты ауыстыру жолымен Банкке уақытында құжатты түрде расталмаған болса, Клиентке Шот(-тар)ды меңгеру құқығы бар тұлғалар тигізген залал үшін Банк жауапкершілік алмайды.

36. Банкке қатысы жоқ басқа да себептер бойынша және үшінші тұлғалардың немесе Клиенттің түсініксіз, толық емес немесе дәл емес нұсқаулары нәтижесінде туындаған осы Шарты бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау үшін Клиент алдында Банк жауапкершілік көтермейді.

37. Үшінші тұлғалардың нұсқауы бойынша Клиенттің шотынан негізсіз ақша алу (есептен шегеру) үшін жауапкершілікті мұндай нұсқауды берушілер көтереді. Келісімінсіз Шоттан ақшаны есептен шығаруға қарсы Клиенттің наразылығын Банк қарастырмайды.

38. Шот бойынша операцияларды негізсіз тоқтату және/немесе Клиенттің Шотындағы ақшаға тыйым салу үшін жауапкершілікті Клиент Шоты бойынша операцияны тоқтату туралы және/немесе Клиенттің Шотындағы ақшаға тыйым салу туралы шешім шығарған мемлекеттік орган көтереді.

39. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы әрекет бағдарламалары (AML-рәсімдер) шеңберінде, корреспондент-банктердің сұраулары бойынша өзі туралы, оның ішінде банктік құпия болып табылатын ақпаратты ашуға Клиент Банкке құқық береді.

8-тарау. Шарт жарамдылығының талаптары

40. Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғалармен және үлестес тұлғалармен жасалған

шарт, Банк хабарлаған сәттен бастап жасалған болып есептелетін шарт жағдайларын қоспағанда, өтініштің мәтінінде басқаша көрсетілмесе, тиісті белгі қою арқылы Клиент



(оның өкілі) қол қойған өтінішті Банк қабылдаған сәттен бастап өтініш қабылданды, ал Шарт жасалды деп есептелінеді.

41. Банкпен ерекше қарым-қатынаста байланысатын тұлға болып табылатын Клиентпен

Шарт жасау «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 40-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

42. Шарттың - Тараптар оны тоқтатқанға дейін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Стандартты талаптармен анықталған негіздер бойынша тоқтатылған жағдайға дейін жарамдылық мерзімі шектелмейді .

43. Клиент Шотты жабуға арналған өтінішті Банк белгілеген үлгіде (барлық ағымдағы

шоттарды жабуға белгі сала отырып) беру арқылы Шарт әрекетін тоқтатқан болжалды күнге дейін 10 (он) жұмыс күн бұрын кез-келген сәтте, бұл туралы Банкке жазбаша хабарлай отырып, тоқтатуға құқылы.

Сонымен қатар:

– Банк Клиент өтініш қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап Шарт аясында қызмет көрсетуін тоқтатады;

– Осы Шарт бойынша Клиенттің міндеттемелері алынған қызметтер үшін Банкпен толық есептелгеннен кейін тоқтатылады.

– Бақылау шотының жабылуы Клиент Бақылау шотында тұрған қалдық ақшаны бюджетке аударғаннан кейін жүзеге асырылады.

44. Банк осы Шартты тоқтататын болжалды күнге дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын Клиентке бұл туралы ескерте отырып, осы Шартты орындаудан біржақты тәртіпте, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген негіздер бойынша кез-келген сәтте және Клиентке осы Шартты тоқтату себептерін түсіндірмей-ақ бас тартуға құқылы.

Осы Шарт мұндай жағдайда, осы Шарттан бас тартқаны туралы хабарламаны табыстаған күнге дейін қабылданған өз міндеттемелерін Банк және Клиент орындағаннан кейін әрекет етуін тоқтатады.

45. Клиенттің Шоттардың бірін жабуы (Банк Клиентке осы Шарт бойынша бірнеше шотты бір уақытта ашқан жағдайда) басқа Шоттардың автоматты түрде жабылуына және осы Шарттың бұзылуына әкеп соқтырмайды. Мұндай жағдайда, Клиенттің Шоттарының бірін жабуды Клиент Банк бекіткен Шотты (шоттарды) жабуға арналған өтініш түрінде рәсімдейді.

46. Клиент Шотты (шоттарды) жабу туралы өтініш берген күннен бастап 10 (он) жұмыс күніне дейінгі мерзімде Банк Клиенттің Шотын (Шоттарын) орнатылған тәртіпте жабады. Шотты (шоттарды) жапқан күннен бастап Банк жабылған Шот (шоттар) бойынша Клиенттің төлем құжаттарын орындауға қабылдауды тоқтатады, сондай-ақ түскен ақшаны жіберушінің мекенжайына аудара отырып, оларды Шотқа (шоттарға) есептеуді тоқтатады.

47. Барлық Шоттарды жабу кезінде, оның заңды құжаттамасын құру үшін Клиент берген құжаттарды Банк қайтармайды.

8-тарау. Форс-мажор

48. Апаттық құбылыстар және қоғамдық әрекеттер түріндегі еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан, сонымен қатар уәкілетті органдардың шешімдері, оның ішінде Тараптардың саналы бақылауынан тыс, екі Тарап үшін міндетті күші бар өзге себептерден, елдерге/тұлғаларға/тауарларға/қызметтерге қатысты қандай да бір тыйымдар/шектеулер/санкцияларды орнатудың салдарынан тигізілген, Тараптардың міндеттемелерін орындамауына әсер еткен залалға Тараптар жауапкершілік алмайды.

49. Тараптар Шарттың 48-тармағында көрсетілген, қолайсыз салдарларды қысқа мерзімде жою және алдын алудың оларға тәуелді шараларының барлығын қабылдауға міндетті.



50. Шарттың 48-тармағына сәйкес, осы Шарт бойынша міндеттерін орындау мүмкін болмаған Тарап, форсмажорлы жағдайлар пайда болған кезден бастап 3 (Үш) жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа, жағдай туындаудың басына және еңсерілмейтін күш жағдайының мүмкін болатын мерзімдеріне қатысты хабарлауы тиіс. Құзыретті уәкілетті органдар (мекемелер) берген құжаттар, сондай жағдайлар мен олардың қызметтері туралы куәландыратын, жеткілікті негіз болып табылады.

51. Осы Шарт бойынша міндеттерді орындауға мүмкін еместік пайда болған Тараптың, оны жауапкершіліктен босататын жағдайлардың туындауы туралы хабарламауы немесе уақытында хабарламауы, оны форсмажорлы жағдайлардың туындаған фактісіне сілтеме жасау құқығынан айырады.

9-тарау. Дауларды шешу

52. Осы Шартпен реттелмеген мәселелерге қатысты Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

53. Осы Шартты орындау барысында пайда болған немесе оған байланысты барлық дау мен келіспеушіліктер осындай жағдайлар басталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей тараптар бірге қарастырады

Осы Шартқа байланысты, Тараптардың келісімі бойынша шешілмеген даулар Банктің аумақтық бөлімшесі немесе бас кеңсе орналасқан жер бойынша сот қарастырады – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талапкердің таңдауы бойынша.

54. Ақша төлеуші мен алушы арасындағы есеп бойынша өзара кінәрат-талап Банктің қатысуынсыз тікелей олардың өздерімен қарастырылады.

9-тарау. Құпиялылық

55. Шартқа байланысты Тараптардың бір-біріне беретін кез келген ақпараты, сондай-ақ Шарттың жасалу дерегі құпия ақпарат болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасының және Шарттың талаптарынан басқа жайттар туындамаса, басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімін алмастан үшінші тұлғаларға жарияланбауы керек.

56. Банк Шартқа сәйкес Банк көрсеткен қызметке және Клиентке қатысты құпия ақпаратты қамтамасыз етудің қолынан келетін барлық шараларын жасайды.

57. Егер құпиялылық клиенттің кінәсінен бұзылса немесе құпия ақпарат басқа көздерден үшінші тұлғаларға белгілі болса, банк жауапкершілік көтермейді.

58. Қосылу туралы өтініш бере отырып және Банктің офисіне өзі келіп, Клиент ағымдағы шоттарды ашу, жүргізу және жабу, Шартта қарастырылған операцияларды жасау мақсаты үшін, Банктің ақпаратты ашу деңгейіне бекітілген сақтаудың қажеттілігін бекітетін Банктің ішкі құжаттарын, Қазақстан Республикасының заңнамасының ережелеріне сәйкес кез келген ақпаратты ашу талап етуге құқылы екеніне, ал Клиенттің оның бірінші талабы бойынша Банкке, шартта қарастырылғандай құпиялылық талаптарын Банктің сақтауымен, Банк бекіткен мерзімде кез келген ақпаратты беруге міндеттенетініне келіседі.

59. Клиент өтініш бере отырып, Клиент өтінішке қол қою арқылы ашуға келісімін беретін Банктік құпияларды, жеке деректерді, қаржы, коммерциялық және Шарт бойынша басқа да ақпараттарды ашуға Банкке сөзсіз және қайтарымызсыз уәкілеттік береді:

1) мәліметтерді банктің заңды тұлғаларымен үлестес Банктің ірі қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларға беруге;

2) мәліметтерді Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, соттарға, құқық қорғау органдарына (соның ішінде тергеу және/немесе алдын ала тергеу органдарына, ұлттық қауіпсіздік органдарына) олардың сауалы бойынша немесе Банк алдындағы міндеттемесін Клиент бұған жағдайда, немесе Клиент Қазақстан Республикасының заңнама нормаларын бұзған жағдайда беруге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген аудиттің әр түрлі түрлерін өткізу кезінде аудиторлық ұйымдастыру мәліметтерін беру;



4) Банк пен үшінші тұлалар арасында жасалған азаматтық-құқықтық келісімдер аясында үшінші тұлғаларға мәліметтер беру;

5) мәліметтерді Шарт бойынша құқық талаптарын Банк шегеретін үшінші тұлғаларға беруге – Банк пен клиент арасында жасалған басқа да шарттар және/немесе Шарт және/немесе Клиентке қатысы бар ақпараттардың барлығын, кез келгенін, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталғандай банктік құпиясы бар әрекетін тоқтатқан, сондай-ақ коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны беруге.

60. Осы арқылы осы Шартты және/немесе Банкпен жасалатын басқа да мәмілелерді жасау мақсатында және орындау аясында, соның ішінде ол бойынша Клиенттің өз міндеттемелерін тиісінше орындау, сондай-ақ Банк, Клиент және (немесе) кез келген үшінші тұлға арасында туындауына немесе туындау мүмкіндігіне байланысты, соның ішінде олармен Клиент және (немесе) Банк жағдайлармен, кез келген жағдайға байланысты, банктік қызмет көрсету және басқа да қызмет көрсетуге байланысты (қоса алғанда, бірақ шектелместен) соның ішінде оларды көрсету алдында жасаумен және кез келген әрекет/мәміле көрсету барысында (бағалау және (немесе) сақтандыру (егер қарастырылса) және т.б); хабарламаларды, талаптарды жіберумен, сондай-ақ хабарландырумен, соның ішінде Банктің қызметі туралы; кез келген мәліметтер мен ақпаратты сұратумен және алумен байланысты, сонда-ақ Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату қажеттілігі туындаған және болған кезде, Клиент Банкке кез келген Клиент туралы ақпаратты, соның ішінде банктік және басқа да заңмен қорғалған құпиясы бар ақпаратты, Клиенттің дербес деректерін (оның өкілдерін) (бұдан әрі – Ақпаратты) Банктің барлық көздерінен жинақтауға, өңдеуге, таратуға сөзсіз келісімін береді. Ақпаратты жинау, өңдеу және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілмен Банктің қалауы бойынша жүзеге асады.

61. Банк:

1) Шартпен жасалған заңнама талаптарына сәйкес және басқа да жағдайларда Банк мұндай әрекет жасауға міндетті немесе құқылы болатын кезде, уәкілетті мемлекеттік органдарға және кез келген басқа тұлғаларға ақпаратты беруге; Ақпаратты берудің трансшекаралық беруді жүзеге асыруға, соның ішінде Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес (бұдан әрі – Заң);

2) Ақпаратты таратуға, соның ішінде Заңға сәйкес;

3) Ақпаратқа қолжетімділік талабын дербес анықтауға;

4) банкпен құқықтық қатынас аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында және банктің ішкі құжаттарымен, бекітілген сақтау мерзімдері ішінде кез келген тасымалдағышта Ақпаратты сақтауға құқылы. Банк кез келген үшінші тұлғаларға Ақпаратты жинау, өңдеу және беру бойынша Банк жасайтын әрекеттер туралы біреуді хабарлауға міндетті емес. Банктің Ақпаратқа өзгерістер мен (және) толықтырулар енгізу үшін тиісті растаушы құжаттарды Банкке бере отырып, Клиент 3 (үш) жұмыс күні ішінде жаңа Ақпарат, Банкке берген Ақпаратқа енгізілген кез келген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы Банкке жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

10-тарау. Басқа ережелер

62. Осы Стандартты таланта бұрын Банктің Интернет-ресурсында («www.hcsbk.kz») орналастырылған Банк Басқармасының 2017 жылғы 16 маусымдағы №272 қаулысымен бекітілген 2017 жылғы 28 желтоқсандағы жағдай бойынша редакциядағы «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-тың заңды тұлғасының (оның филиалы мен өкілдіктерінің) банктік ағымдағы шоты шартының Стандартты талаптарын ауыстырады. Клиент Стандартты талаптармен келіспеген жағдайда, ол Банктің Интернет-ресурсында («www.hcsbk.kz») Кешенді талаптар орналасқан күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде шартын бұзуды талап етуге құқылы. Егер көрсетілген мерзімде Тұрғын үй құрылыс жинақтары шартын бұзуға байланысты талаптар түспесе, бұл жағдай Клиенттің Кешенді талаптарға және оларға қосылулармен келісетіндігін білдіреді.



63. Шартты өзгерту немесе бұзу шарт бойынша осындай өзгертулер мен бұзулар болған сәтке дейін Тараптарды өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

64. Осы Шартпен Банк қылмыстық жолмен алынған кірісті жылыстату, лаңкестік, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және т.б. секілді ақша жылыстату бойынша схемаларды және Банктің қылмыстық әрекеттерге тартылуын болдырмауға жұмыс істейтінін мойындайтынын және келісетінін Банк Клиентті хабардар етеді, ал Клиент өтінішке қол қояды. Банктің стандартты жұмысы Банктің беделін сақтауға және қорғауға, банктің адалдығына деген клиенттердің сенімі қандай да бір жолмен бұзылмауына бағытталған. Осыған орай, Банк, өз қалауы бойынша, Банктің клиенттеріне, мәмілелерге және Банк клиенттері жасайтын операцияларға қойылатын белгілі бір талаптарды белгілейді, олар өзгеріп отыруы мүмкін. Мәселен, Банк критерийлер белгілеп, ол бойынша қандай да бір клиент немесе қандай да бір мәміле немесе Клиенттің операциясы оғаш/күдікті клиент және/немесе мәміле/операциялар санатына жатқызылуы мүмкін.

65. Егер шарттың қандай да бір ережесі заңсыз, жарамсыз немесе кез-келген қолданылған заңнама бойынша сотта қорғануға жатпайтын болса шарттың осындай ережелері Банкпен Клиент арасында қатынасқа қолданылмайды. Шарттың басқа ережелері өз күшін және жарамдылығын сақтайды.

66. Осы Тарифтер, Өтініштер, сондай-ақ, аталған қосымшалар, шарттың, келісімнің нысандары/үлгілері және басқа құжаттар әрқайсысы бірдей заңды күшке ие мемлекеттік және орыс тілінде жасалған.

Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндер арасында қайшылық болған жағдайда, Тараптар Кешенді тараптың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

